

"Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдап отыруға арналған шығындарды есептеу әдістемесі мен олардың нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 133 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 21 маусымдағы № 226 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 шілдеде № 15381 болып тіркеледі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 140/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.06.2019 № 140/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдап отыруға арналған шығындарды есептеу әдістемесі мен олардың нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 133 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13351 болып тіркелген, 2016 жылғы 31 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдап отыруға арналған шығындарды есептеу әдістемесінде:

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органының интернет-желісінде (<http://stat.gov.kz>) жарияланған "Халықты жұмыспен қамту және еңбек ақы төлемі" статистикалық бюллетені бойынша соңғы жыл үшін жобаның іске асырылуының нақты орны үшін "Бағдарламалық қамтамасыз ету инженері" – 3⁰ср. кәсібі бойынша жалақы мөлшерін анықтаймыз. Әрі қарай соңғы үш жыл үшін инфляцияның орташа мөлшерін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органының тарихи деректері бойынша өткен соңғы үш

жыл мәнінің орташа арифметикалық мәні ретінде анықтаймыз – I_{cp} . Келесі формула (9) бойынша жобаның іске асырылуының орташа жыл санын анықтаймыз:

$$\Gamma_{cp} = [R/12] + 1, \quad (9)$$

мұндағы:

квадратты жақшалар санның бүтін бөлігін:

R – жобаның айлармен берілген іске асырылу мерзімін (осыған дейін осы Әдістеменің 39-тармағы бойынша анықталған) білдіреді.

Іске асырылудың әрбір i жылы үшін орташа айлық кесімді жалақыны Z_{cp}^i мына қорына (10) бойынша анықтаймыз:

$$Z_{cp}^i = Z_{cp}^{i-1} \cdot (1 + I_{cp}/100), \quad (10)$$

мұндағы i 1-ден Γ_{cp} дейін өзгереді.

Бұдан әрі іске асырылудың әрбір жылы үшін сәйкес инженер бағдарламашының 1 адам-айының орташа құнын (11) формула бойынша анықтаймыз:

$$C_{cp}^i = Z_{cp}^i \cdot (1 + (0.9 \cdot P_{CH} + P_{HP} + P_{PP})/100) \cdot (1 + P_R/100) \cdot (1 + P_{HDS}/100), \quad (11)$$

мұндағы:

i 1-ден Γ_{cp} дейін ауысады;

P_{CH} – орташа айлық жалақының пайызбен алғандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына аударылған әлеуметтік салығы;

P_{HP} – орташа айлық жалақының пайызбен алғандағы қосымша үстеме шығындар (жалға алу, іссапар шығындары, кеңсе тауарлары, демалыс шығындары және т.б.);

P_{PP} – орташа айлық жалақының пайызбен алғандағы кезең шығыны (әкімшілік басқару персоналына және маркетингке жұмсалатын шығындар);

P_R – рентабельділік,

P_{HDS} – қосылған құн салығы.

Әзірлеуші шығынының нормативті коэффициенттерінің мәні (P_{HP} , P_{PP} , P_R) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдап отыруға арналған шығындардың нормативтерінде келтірілген.

Іске асыру жылдары бойынша ақпараттық жүйенің әзірлеу еңбек сыйымдылығын (12) формула бойынша анықтаймыз:

$$S_i = S/\Gamma_{\text{ср}}, \quad (12)$$

мұндағы i 1-ден $\Gamma_{\text{ср}}$ ауысады.

$C_{\text{ППО}}$ ақпараттық жүйенің қолданбалы бағдарламалық қамтылымды әзірлеуге кететін жұмыс құны (13) формула бойынша анықталады:

$$C_{\text{ППО}} = \sum_{i=1}^{\Gamma_{\text{ср}}} S_i \cdot C_{\text{ср}}^i + C_{\text{испыт}}, \quad (13)$$

мұндағы:

$C_{\text{ИСПЫТ}}$ – бағдарламалық қамтылымды сынау құны";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. АЖ ҚБҚ пайдалануды қолдаудың 1 жылының құнын (17) формула бойынша есептеледі:

$$C_{\text{эксп}} = (n_{\text{п}} + k * n_{\text{исп}} + n_{\text{п.польз}}) * C_{\text{ср}}, \quad (17)$$

мұндағы:

$C_{\text{ср}}$ - персоналды пайдаланумен айналысатын 1 адам-айының құны;

$n_{\text{п}}$ - пайдалануды қолдау процесін дайындаумен айналысатын персоналдың нормасы;

$n_{\text{исп}}$ - пайдалану сынақтарын жүргізумен айналысатын персоналдың нормасы ;

$n_{\text{п.польз}}$ - жүйенің пайдаланушыларын қолдаумен айналысатын персоналдың нормасы;

k – пайдалану сынақтарын жүргізудей кезіндегі жұмыс қажеттіліктерінің коэффициенті (егер жүйе тәжірибелік пайдалануда болса $k=1$, егер жүйе өнеркәсіптік пайдалануда болса $k=0$).";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдап отыруға арналған шығындар нормативтері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпараттандыру департаменті (Ж.З. Жахметова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2017 жылғы 21 маусымдағы
№ 226 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
міндетін атқарушысының
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 133 бұйрығына
2-қосымша

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға, дамытуға және қолдап отыруға арналған шығындар нормативтері Функционалды бірліктері кесіндісіндегі үдерістер бойынша еңбек сыйымдылығының нормативтері

№	Үдеріс атауы	Функционалдық өлшем бірлігі				
		пайдалану нұсқасы	объект типі	объект типі қасиеттері	объектілер арасындағы өзара іс-әрекет қасиеттері	торап типі
		Еңбек сыйымдылығы, адам сағат				
1	Бизнес модельдеу	32,12	28,33	0,00	14,15	0,00
2	Талаптарды басқару	58,03	28,04	0,00	20,32	0,00
3	Жобалау	45,42	61,75	31,35	37,52	24,02

4	Іске асыру	31,57	81,51	50,72	36,11	0,00
5	Тестілеу	88,96	0,00	0,00	0,00	0,00
6	Өрістету	8,69	0,00	0,00	0,00	23,74

Қолданбалы бағдарламалық қамтылымды әзірлеу және қолдап отыру еңбек сыйымдылығының жеке түзету коэффициенттері

Жеке түзету коэффициенттерінің тобы	Жеке түзету коэффициентінің белгіленуі және факторы	Жеке түзету коэффициентінің сипаттамасы	Мәні
1	2	3	4
Ішкі факторлар	АЖ пайдалану режимі К1	Нақты технология немесе бағдарламалық қамтылым жүйесінде қабылданған өңдеу түріне байланысты анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		деректерді уақыттың бөліну режимінде өңдеу	1
		деректерді параллельді өңдеу	1,04
		деректерді шынайы уақыт режимінде өңдеу	1,05
	АЖ масштабы К2	деректердің біріктірілген өңдеуі	1,07
		Масштаб бір уақытта жұмыс істейтін пайдаланушылар санымен анықталуы мүмкін. Мынадай мәндерге ие болады:	
		шағын АЖ (ұзаққа созылмайтын өмірлік циклды 10 пайдаланушыға дейін)	0,95
		орташа АЖ (ұзақ өмірлік циклды ірі жүйеге дейін өсу мүмкіндігімен 11-ден 100 пайдаланушыларға дейін)	1
		ірі АЖ (101-ден 1000 дейін ұзақ ӨЦ және мұраға алынған жүйелері бар пайдаланушылар)	1,05
	АЖ тұрақтылығы К3	өте ірі АЖ (1000 астам қолданушылар)	1,08
		Оның ішкі эволюциялық аспектілері немесе қолдап отыру үдерісіндегі тұрақтылығына байланысты анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		үнемі өзгерістер енгізу	1,1
		дискретті өзгерістер енгізу	1
	Рұқсат етілмеген қолжетімдіктен қорғау К4	ықтималдығы аз өзгерістер енгізу	0,95
		Рұқсат етілмеген қолжетімдіктен қорғау К4	
		күшті	1,05
		орташа	1
	Бағдарламаларды және деректерді қорғау (операциялық жүйе деңгейінде)	әлсіз	0,98
		күшті	1,03
		орташа	1

	, желілік бағдарламалық қамтылым деңгейінде, ДҚБЖ деңгейінде) К5	әлсіз	0,97
	операцияны бақылау ізі К6	Жүйедегі рұқсатсыз өзгерістерді тіркеу мүмкіндігі:	
		жоқ	1
		таңдамалы қадағалау	1,08
		толық қадағалау	1,13
	Жұмыс істемеуін болдырмау К7	Жүйенің кейбір уақыт аралығында жұмысқа қабілетті жай-күйін үздіксіз сақтау қасиеті. Мынадай мәндерге ие болады:	
		жоғары	1,15
		орташа	1
		төмен	0,92
	Қайта қалпына келуі К8	Бас тартудан кейін жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтірудің орташа уақыты	
		Мынадай мәндерге ие болады:	
		жоғары	1,12
		орташа	1
	өңдеу ұзақтығы (жауап беру уақыты) К9	Жүйенің кіру әсерлеріне тез реакциясы. Мынадай мәндерге ие болады:	
		тез	1,21
		орташа	1
		жай	0,92
	АЖ әзірлеудің бастапқы тілі К10	АЖ әзірлеу кезінде қолданылатын бастапқы тіл түріне байланысты анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		дәстүрлі (Кобол, Фортран және т.б.)	1,08
		рәсімдік (Си немесе эквивалентті)	1,09
		функционалды (Лисп немесе эквивалентті)	1,07
		объектіге бағытталған (Си++ немесе эквивалентті)	1
Орта факторы		Белгілі бір пайдаланушылар класының шеберлік деңгейіне немесе сипаттамасына байланысты анықталады. Пайдаланушы қарастырылатын жүйеге қатысты сыртқы болып табылатын жүйе бола алады. Мынадай мәндерге ие болады	
	Пайдаланушы сыныбы К11	бастапқы	1,12
		орташа	1,07
		маман (сарапшы)	1
		кездейсоқ	1,14
		басқа АЖ (БҚ)	1,06
		техникалық құралдар	1,09

	Орталық өңдеу құралына қойылатын талаптар (процессорға) K12	Процессордың тактілі жиілігіне (процессор жылдамдығы) қойылатын талаптарымен анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		жоғары	0,99
		орташа	1
	Жедел (негізгі) жадыға қойылатын талаптар K13	АЖ жедел жадыға қойылатын талаптармен (көлемі, тез әрекет етуі) сәйкестендірілуі тиіс. Мынадай мәндерге ие болады:	
		үлкен	1
		кіші	1,04
	Сыртқы жадыға талаптар K14	АЖ сыртқы жадыға қойылатын талаптармен (көлемі, тез әрекет етуі) сәйкестендірілуі тиіс. Мынадай мәндерге ие болады:	
		үлкен	1
		кіші	1,01
	Жергілікті есептеу желісіне қойылатын талаптар K15	АЖ ЖЕЖ қойылатын талаптармен (өткізу қабілеті, желідегі ақпаратты қорғау) сәйкестендірілуі тиіс. Мынадай мәндерге ие болады:	
		жоғары талаптар	1
		орташа талаптар	1,02
	АЖ сыншылдығы K16	Бағалаудың нақты әдістемесін ескере отырып, өнімнің толықтық деңгейіне байланысты анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		адам өмірі	1,18
		ұлттық қауіпсіздік	1,16
		әлеуметтік берекетсіздік және үрей	1,13
		ұйымдастырушылық қауіпсіздік	1
	Дайындығы K17	Қолда бар ҚБҚ түріне байланысты анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		дайын күйде болуы (альтернативті өнімдер бар)	0,99
		жалпыға қолжетімді (танымал әдістеме)	1
		тапсырыс берілген (тапсырыс берушінің айрықша әдістемесі)	1,11
патенттелген (әзірлеушінің әдістемесі)		1,09	
Деректер факторы	Деректерді беру K18	Деректер элементтеріне, түріне және құрылымына байланысты анықталады. Мынадай мәндерге ие болады:	
		реляциялық	1
		индекстелетін (иерархиялық)	1
		желілік	1,08
		объектілік	1,09
		форматталған файл	0,95

Функционалды өлшемі

Пайдалану нұсқаларының саны	Объектілер типінің саны	Объектілер типі қасиеттерінің саны	Объектілер типі арасындағы өзара іс-әрекеттер саны	Тораптар саны
SIZE C	E	T	I	N

Әзірлеушінің шығындарының нормативтік коэффициенттерінің мәні

№	Көрсеткіштің атауы	Белгіленуі	Норматив
1	Қосымша үстеме шығындар (жалға алу, іссапарлар, кеңсе тауарлары, демалыс шығындары және т.б.)	П _{НР}	71,5 %
2	Кезең шығындары (әкімшілік басқару персонал және маркетинг шығындары)	П _{РП}	48 %
3	Рентабельдік	П _Р	25 %
4	Еңбек сыйымдылығының икемділік коэффициенті	L	0,75
5	ҚБҚ қолдап отыру еңбек сыйымдылығының коэффициенті	N	15 %

Әзірлеу мерзімінің еңбек сыйымдылығына тәуелділігі

№	ҚБҚ әзірлеу мерзімі	Еңбек сыйымдылығы (адам-ай)
1	1 ай	5 – 30
2	2 ай	10 – 80
3	3 ай	17 – 140
4	4 ай	26 – 210
5	5 ай	37 – 280
6	6 ай	50 – 340
7	7 ай	65 – 400
8	8 ай	80 – 450
9	9 ай	100 – 500
10	10 ай	120 – 550
11	11 ай	140 – 610
12	12 ай	160 – 670
13	13 ай	180 – 720
14	14 ай	200 – 770
15	15 ай	230 – 820
16	16 ай	260 – 870
17	17 ай	290 – 930
18	18 ай	330 – 990
19	19 ай	370 – 1040
20	20 ай	420 – 1090
21	21 ай	470 – 1150
22	22 ай	530 – 1200
23	23 ай	600 – 1250
24	24 ай	670 – 1300

25	25 ай	750 – 1350
26	26 ай	830 – 1400
27	27 ай	900 – 1450
28	28 ай	970 – 1500
29	29 ай	1150 – 1550
30	30 ай	1230 – 1600
31	31 ай	1310 – 1660
32	32 ай	1390 – 1720
33	33 ай	1470 – 1780
34	34 ай	1520 – 1840
35	35 ай	1570 – 1900
36	36 ай	1620 – 1960
37	37 ай	1680 – 2020
38	Әр кейінгі ай үшін	40 адам-ай қосылады

Пайдалануды қолдау үдерісінде жұмыс істейтін персоналдың нормасы

Қолдау үдерісімен қамтылған пайдаланушылар саны	Пайдалануды қолдау үдерісін дайындаумен айналысатын персоналдың нормасы, адам/ай	Пайдалану сынақтарын жүргізетін персоналдың нормасы, адам/ай	Пайдаланушыларды қолдаумен айналысатын персоналдың нормасы, адам/ай	
	$n_{\text{д}}$	$n_{\text{сн}}$	$n_{\text{д. жолы}}$	аналитикалық ақпараттық жүйелер үшін
1-50	1	6	есепке алынатын ақпараттық жүйелер үшін	60
51-100			12	120
101-200			24	180
201-400			36	240
Әрбір қосымша 100 пайдаланушы			48	+60
			+ 12	